

«Нұрай» жеке балабақшасы



Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
Л.Бакешова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
А.Айғабыл

*Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылында
атқаратын жұмыс жоспары.*

Әдіскер: Айғабыл А.

Келісемін: 

Бекітемін: 

Қамқоршылық кеңес
төрағасы: Айғабыл А.Ж.

«Нұрай» жеке балабақша
меңгерушісі: Бакешова Л.К.

Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

№	Кеңес отырысы	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген 27.06.2017 ж. № 355 Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу. 2. 2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесті тізбесін қалыптастыру. Қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау. 3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту. 4. «Мектепке жол» акциясына қатысу.	Тамыз	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, меңгеруші
2	1. Оқу процесін ұйымдастыруда жаракаттанудың алдын алу және қауіпсіз орта құру бойынша жұмыстарды талдау. 2. ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс шараларына қатысу. 3. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге демеушілерді тартуға көмек. 4. Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар үлестіру.	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, меңгеруші
3	1. Көктем мерекелерін өткізуді және ұйымдастыруға көмек көрсету. 2. Тәрбиеленушілердің арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру.	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, меңгеруші
4	1. Жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру, және балаларға пайдалы дәрумендермен қамтамасыз ету. 2. «Қамқорлық» қайырымдылық акциялары. 3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы есеп.	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрайымы, меңгеруші

«Нұрай» жеке балабақшасы
Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы

Күні: 24.08.2023 жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері,
балабақша әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесті тізбесін қалыптастыру.
Қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
3. «Мектепке жол» акциясына қатысу.

Тыңдалды:

1. Балабақша психологы Сыбайлас жемқорлыққа жауапты маман Тлеубергенова М. сөз алды. Балабақшадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет функцияларын атқаратын жауапты тұлға ретінде өзін таныстырды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген 27.06.2017 ж. № 355 Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу, қамқоршылық кеңес құрамын жаңадан сайлау керектігі туралы тоқталып кетті.
1. Балабақша меңгерушісі Бакешова Л. сөз алды. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен таныстырды. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27шілдедегі №355 бұйрығына қысқаша тоқталды. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары, жалпы ережелері туралы сөз қозғалды.
2. Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Айғабыл А. сөз алды. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты- тәрбиеленушілерге әлеуметтік көмек көрсету, балабақшаның неғұрлым белсенді және талантты балаларын, сайыс жеңімпаздарына көтермелеу, қолдау көрсету жөнінде айтып өтті. Қамқоршылық кеңес қызметінің және оның мүшелерін сайлау тәртібімен таныстырды. Балабақшаның барлық жұмысы тыңғылықты және уақытымен атқарылатыны туралы айтты.

- Қамқоршылық кеңестің өкілеттігі
- Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі
- Қамқоршылық кеңестің мақсат-міндеттерін айтып өтті.

Сұрақ-жауап айдары:

Қамқоршылық қызметінің жұмысы қалай жүргізіледі? Деп кәсіпкер ата-ана
Күзембаева А. сұрақ қойды.

Балабақша үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген артықшылықтарды береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы балабақша мүддесін түрлі деңгейде көтеріп, адамдары тартады. Қамқоршылық кеңес жұмыс тегін жасалады. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне қабылдану үнемі жауапкершілікті талап етеді және әрбір адам үшін бұл зор құрмет болып саналады деп жауап берді кеңес төрағасы.

3. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне төмендегідей ұсынылады:

Кеңес төрағасы: Айғабыл А. – ата-ана, балабақша әдіскері

Мүшелері:

Кеңесова Назерке – ата-ана, жеке кәсіпкер

Кәрібай Ақсұлу – ата-ана, жеке кәсіпкер

Құрман Ақсәуле - ата-ана, медбике

Байжанова Дана – ата-ана, мұғалім

Нұрқаділова Сания – ата-ана, жеке кәсіпкер


Айтбаева Жазира – ата-ана, жеке кәсіпкер

Қаулы етемін:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жұмыстары өз жалғасын тапсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілсін. Құрылған жоспары бекітіліп, жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Нормативтік құжаттар басшылыққа алынсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Айғабыл А.

Хатшы:



Тлеубергенова М.

«Нұрай» жеке балабақшасы
Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 хаттамасы

Күні: 13.12.2023 жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері,
балабақша әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес отырысының жұмыс барысын талқылау.
2. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге демеушілерді тартуға көмек.
3. Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар үлестіру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Бакешова Л. сөз алды. Қамқоршылық жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізіп жатқандығы жөнінде айтып өтті. Сонымен қатар, Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру жұмыстары және оны өткізуге демеушілеріне алғыс білдірді.

Шешім:

1. Балабақша өміріне араласып, алдағы уақытта демеушілік көрсететін азаматтарды тарту тапсырылды.
2. Қамқоршылық кеңес жұмыстары жоспар бойынша жалғасын тапсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Айғабыл А.

Хатшы:



Сағындықова М.

«Нұрай» жеке балабақшасы
Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы

Күні: 15.03.2024 жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері,
балабақша әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Көктем мерекелерін өткізуді және ұйымдастыруға көмек көрсету.
2. Тәрбиеленушілердің арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Айғабыл А. сөз алды. Көктем мерекелерін өткізу және ұйымдастыру барысы туралы тоқталып кетті. Тәрбиешілер арасында жүргізілетін салауатты өмір салтын қалыптастыруға жұмыс жоспарын бекіту.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес жұмыстары жоспар бойынша жалғасын тапсын.
2. Балабақша тәрбиеленушілерінің тізімі бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:



Айғабыл А.

Хатшы:



Сағындықова М.

«Нұрай» жеке балабақшасы
Қамқоршылық кеңес отырысының
№ 4 хаттамасы

Күні: 17.05.2024 жыл

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері,
балабақша әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыру, және балаларға пайдалы дәрумендермен қамтамасыз ету.
2. «Қамқорлық» қайырымдылық акциялары.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы есеп.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша медбикесі Жакупова Ағипа жазғы сауықтыру мезгілінде балабақшада жүргізілетін шынықтыру шаралары жайлы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында күнмен, сумен, ауамен шынықтыру түрлерін атап көрсетті. Жазғы уақыт бала ағзасын шынықтыруға қолайлы уақыт екенін атап айтты. Құммен ойын барысында, таза ауадағы серуен кезінде бала ағзасы күнмен шынығатынын, жабық бассейндегі сумен ойындар кезінде, шалпылдатқыш бассейнде сумен шынығу жұмыстары жүргізілетінін, таза ауадағы таңертеңгі жаттығулар, таза ауадағы серуен, қимылды ойындар баланың ауамен шынығуына мүмкіндік беретінін айтты.
2. Екінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Бакешова Л. сөз алды. «Қамқорлық» қайырымдылық акция жәшігін Балабақшаға баланы қабылдау бөлмесіне ілініп қаражат жиналу керектігі туралы тоқталды.
3. Үшінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Айғабыл А 2023-2024 оқу жылында балабақшадағы қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. Балабақшаның қамқоршылық кеңесі 8 мүшеден құрылғанын, жұмыс жоспарына сай 4 отырыс жоспарланғанын, барлық отырыстар өз уақытысында өткізілгенін айтты. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары хаттамаланып, барлық ұсыныс пікірлер енгізіліп отырғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешімдер қабылданды:

1. Жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шаралары және іс шаралар жоспары өз деңгейінде жоспарланған деп есептелсін.
2. Балабақшада құрылған Қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебін тыңдай келе, қанағаттанарлық деп есептелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Айғабыл А.

Хатшы:  Сағындықова М.